# Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құны туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының 2001 жылғы 6 ақпандағы N 42 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 наурызда тіркелді. Тіркеу нөмірі 1443. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 288 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Нұсқаулықтар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын айқындау тәртібі туралы Нұсқаулық;

2) Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын айқындаудың дұрыстығына бақылау жасау жөніндегі Нұсқаулық;

3) Өтініш тәртібі, шарты және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын түзету туралы Нұсқаулық;

4) Кеден құны декларациясын толтыру жөніндегі Ережесі;

5) Кеден құнын, кеден төлемдері мен салықтарын түзету нысандарын толтыру Ережесі.

2. Мынадай бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіндегі Кеден комитетінің 1995 жылғы 25 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын айқындау Тәртібін қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" N 123-Б ;

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіндегі Кеден комитетінің 1995 жылғы 11 қазандағы "Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын бақылау жөніндегі" Нұсқаулықты және "Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын хабарлаудың тәртібі және шарттары туралы" Ережені бекіту туралы" N 141-Б ;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1999 жылғы 9 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіндегі Кеден комитетінің 1995 жылғы 11 қазандағы N 141-Б бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 609-Б ;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің

2000 жылғы 4 сәуірдегі "Әкелінетін тауарларға шартты бағалар қолдану туралы" N 117-Б;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің 1998 жылғы 30 қарашадағы "Кеден құны декларациясының электронды көшірмелері туралы" N 241-Б.

3. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (Мұхамедиева Г.А.) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Кедендік кірістер бас басқармасы (Жұмабеков Б.А.) осы бұйрықтың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

5. Баспасөз қызметі (Исахан Г.) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитеті төрағасының орынбасары Д.А.Құнанбаевқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

Келісілді
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс
Министрі
2001 жылғы 5 ақпан

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2001 жылғы 6 ақпандағы
N 42 бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауарлардың кедендік құнын айқындау тәртібі туралы НҰСҚАУЛЫҚ 1 бөлім. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауарлардың кедендік құнын айқындау туралы осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауарлардың кедендік құнын айқындау әдістерін біргелкі қолдану мақсатында әзірленген.

2. Әкелінген тауарлардың кедендік құны кеден төлемдері мен салықтарын есептеу үшін, ерекшеліктері бар ставкаларды қолдану бойынша кеден төлемдері мен салықтарын төлеуді қоспағанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген өзге кеден мақсаттары үшін негіз болып табылады.

3. Әкелінген тауарлардың кедендік құнын, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заңының (бұдан әрі - кеден ісі туралы Заң) 123-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті айқындаған тәртіппен декларант мәлімдейді (

мағлұмдайды).

Мәлімделген кедендік құнды декларант кеден органына құнды айқындауға қатысты құжаттармен дәлелденген, сандық жағынан анықталған және дұрыс ақпараттарға негізделген мәліметтерді беріп, растайды.

4. Кеден ісі туралы Заңның 126, 127-баптарында айқындалған жағдайлар мен тәртіпте кеден органының лауазымды тұлғалары мәлімденетін тауарлардың құнын дербес анықтауға құқығы бар.

5. Мәлімделген кеден құнын нақтылау қажеттілігі, декларанттың қосымша мәліметтерді ұсыну қажеттілігін қоса алғанда, тауарлардың шығуын кідіртуге негіз бола алмайды. Мәлімделген кеден құнын нақтылау қажеттілігі туған жағдайда, егер декларант ресімделетін тауарлардың кедендік құнын кейінгі әдіс бойынша анықтау жөнінде өз құқығын пайдаланбаған жағдайда, осы Нұсқаулықтың 8-тарауы белгілеген тәртіппен тауарларды шығару жүзеге асырылады.

## 2 бөлім. Кеден құнын айқындау әдістері және оларды қолдану тәртіптері 1 тарау. Кеден құнын айқындау әдістері

6. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінген тауардың кедендік құнын айқындау кеден ісі туралы Заңның 127-бабына сәйкес төмендегі әдістер тізбегін қолдану арқылы жүргізіледі:

әкелінетін тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша (бұдан әрі - 1-әдіс);

ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша (бұдан әрі - 2-әдіс);

біртектес тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша (бұдан әрі - 3-әдіс);

құнды шегеру (бұдан әрі - 4-әдіс);

құнды қосу (бұдан әрі - 5-әдіс);

резерв әдісі (бұдан әрі - 6-әдіс).

7. 1-әдіс кеден құнын айқындаудың негізгі әдісі болып табылды. Негізгі әдісті пайдалану мүмкін болмаған жағдайда аталған әдістердің (2-6-әдістер) әрқайсысы рет-ретімен қолданылады. Бұл орайда, декларанттың қалауымен 4- және 5-әдістер кері қолданылуы мүмкін.

8. Егер кедендік құн бір әдістің көмегімен айқындалса, келесі әдістер қолданылмайды.

9. 2-6-әдістерді қолдану, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілген тауарлармен жасалған, бұрын орын алған осындай мәмілелер туралы статистикалық деректерді пайдалануға негізделген. Аталған ақпарат,

кеден құнын айқындау үшін қажет келісім-шарт, Жүк Кеден Декларациясы (бұдан әрі - ЖКД) және Кеден Құны Декларациясы (бұдан әрі - ККД), баға деңгейі, түскен пайда, шығын, саудада қолданылатын шегерім туралы мәліметтер және кеден құнын айқындау үшін қажет өзге де мәліметтердің статистикалық деректері негізінде қалыптасады. Бұл орайда, тасымалданатын тауарлар туралы статистикалық ақпаратта тауардың шыққан елі, тауар өндіруші, тауар жеткізілімінің жағдайлары, мерзімдері және көлемдері, төлем түрлері мен мерзімдері, кепілдік міндеттемелер, серіктестер арасындағы саудалық қарым-қатынастың ұзақтылығы туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле бағасына әсерін тигізген өзге де мәліметтер болуы тиіс.

Кеден органдарында бар ақпарат декларантқа оның жазбаша өтініші бойынша берілуі тиіс. Бұл орайда, кеден органдары жасырын болып табылатын ақпаратты декларантқа, кеден ісі туралы Заңның 124-бабында қарастырылған талаптарды сақтай отырып, береді.

Кедендік құнды айқындау үшін негіздеме ретінде пайдаланатын ақпаратты оның бағаланатын мәміле шартына жақын дәреже іріктеудің критерийі болып табылады.

10. Тауардың кедендік бағасы мен декларанттың мәлімдеген кеден құнын тексеру үшін, декларанттың берген ақпараты пайдаланылуы тиіс, егер кеден органы осындай ақпаратты бұрын қабылдаса.

## 2 тарау. 1 әдіс (әкелінген тауарлармен жасалған мәміле бағасы бойынша) 1 параграф. Жалпы ережелер

11. Әкелінген тауарлармен жасалған мәміле бағасы тауардың 1-әдіс бойынша айқындалатын кедендік құны болып табылады.

12. Бағаға қосылатын белгіленген толықтыру және олардан кеден ісі туралы Заңның 128-бабына сәйкес шегеру есепке алынып түзетілген тауарлар үшін нақты төленген немесе төленуге тиісті баға мәміле бағасы болып табылады.

13. Сатып алушының әкелінген тауарлар үшін сатушының пайдасына жүргізген төлемінің жалпы сомасы - нақты төленген баға болып табылады.

14. Төленуге жататын баға - сатып алушының әкелінген тауарлар үшін сатушының пайдасына төленетін төлемінің жалпы сомасы.

15. Шарттың (келісім-шарт) шартымен көзделген тәсілдермен және қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асырудың халықаралық тәжірибеге қарама-қайшылық туғызбай, төлем жүзеге асырылуы тиіс, ал мәмілеге қатысушылардың біреуі не болмаса екеуі де жеке тұлға болып табылатын шарт бойынша - қолма-қол төлем жүргізіледі.

16. Төлемді тура немесе жанама түрде сатып алушы не үшінші тұлға тікелей

жүргізуі тиіс.

Төлем, әдеттегідей тура төлем болып қаралады, егер сатып алушының аталған мәміле бойынша ақшалай міндеттемесі мәміле жасалғанда тікелей атқарылса.

Төлем, әдеттегідей жанама төлем болып қаралады, егер сатушы аталған мәміле бойынша тауарлардың жеткізілімін сатып алушының алдында ақшалай міндеттемесінің есебінен атқарса.

## 2 параграф. 1 әдісті қолданудың шарттары

17. Осы әдіс келесі бес шарттарды сақтаған кезде қолданылуы мүмкін:

1) тауар Қазақстан Республикасына экспорт үшін сатылғанда;

2) бағаланатын тауарға импорттаушының құқығына қатысты шектеулік жоқ болса, мыналарды:

Қазақстан Республикасының заңдық актілері белгілеген шектеуліктерді;

тауарлардың алып-сатылуы мүмкін болатын географиялық аймақтардың шектеуліктері;

тауарлардың құнына айтарлықтай әсерін тигізбейтін шектеуліктерді қоспағанда;

3) олардың тигізетін әсерін есептеу мүмкін емес сату немесе мәміле бағасы қандай-да болмасын шарттарды сақтауға байланысты болмаса;

4) кеден құнын мәлімдеген кезде, декларант пайдаланған деректер құжаттармен дәлелдене, не болмаса мөлшермен анықталатын және дұрыс болса;

5) мәмілеге қатысушылар өзара тәуелді болмаса, мына жағдайларды қоспағанда, егер олардың өзара тәуелділігі мәміле бағасына ықпалын тигізбесе.

18. Осы Нұсқаулықтың 18-тармағындағы 1) тармақшаның шартында, сатып алу-сату мәмілесінің өтеулік сипатын білдіретін сату және жасалған мәміле бойынша сатып алушы елінің кеден шекарасы арқылы тауарлар тасымалдауды білдіретін Қазақстан Республикасына келетін экспорт фактісі бар.

Сатып алу-сату мәмілесінің өтеулік сипатының белгілері жоқ сыртқы экономикалық мәмілелерге жатады:

1) тауарлардың өтеусіз жеткізілімі;

2) импорттаушыға меншік құқығын ауыстырмай, Қазақстан Республикасында сату үшін тауарларды әкелу көзделген консигнацияның шартымен тауарларды жеткізу;

3) шетелдік заңды тұлға Қазақстан Республикасының аумағында тұрған өз филиалдарының (өкілдігінің) атына тауарларды жеткізуі;

4) баспа-бас айырбас және өзге де өтемдік мәмілелер шегінде тауарлар

жеткізілімі;

5) мүлікті жалға беру (лизинг) шарты бойынша тауарлар жеткізілімі;

6) уақытша болу мақсатында тауарлар жеткізілімдері;

7) Қазақстан Республикасының аумағына коммерциялық емес кәдеге жарату мақсатында өндіріс қалдықтарын әкелу;

8) Сатушының кепілдік міндеттемелерінің есебінен тауарлар жеткізілімі;

9) тауарларды алып-сату фактісі жоқ өзге де жеткізілімдер.

19. Осы Нұсқаулықтың 18-тармағындағы 2) тармаққа сәйкес 1-әдісті қолдануға ықпалын тигізбей бағаланатын тауарға импортшының құқығына қатысты шектеуліктердің қатарына жатады:

тауарлардың жекеленген санатын республикаға импорттауға құқығы бар тұлғалар тобына қатысты Қазақстан Республикасының заңдық актілері бекіткен шектеуліктер. Атап айтқанда, ядролық, химиялық, улағыш заттарды, есірткі заттарын импорттау ұйымдардың тек қана қатаң шектелген тобына рұқсат беріледі;

тауарлардың алып-сатылуы мүмкін болатын географиялық аймақтардың шектеуліктері;

Мысалы, сатушы, тауарларды әрқайсысы Қазақстан Республикасының белгілі бір аумағында тауарларды сатуға құқығы бар бірнеше сатып алушыларға сатады;

Тауар құнына елеулі ықпалын тигізбейтін шектеуліктер;

Бұл орайда, мәміле бағасына (тауар құнына) қандай да болмасын бір шарттың ықпал еткен дәрежесі негізгі критерий болып табылады.

Мысалдар:

1) сатушы медициналық аппараттарды сатып алу-сату шарты бойынша Қазақстан Республикасының кеден аумағына, аталмыш тауарларды қайырымдылық мақсатында пайдалану шартымен әкеледі. Осындай жағдайда тауардың кедендік құнын айқындау үшін 1-әдісті қолдану мүмкін емес, себебі мәміле бағасына елеулі ықпалын тигізуі мүмкін болатын тауарлардың пайдалануына қатысты сатып алушының құқықтарына шектеулік қою орын алады;

2) сатушы автомобильдерді сатып алушыдан модельдің шыққан жылының басталғанын білдіретін белгілі бір күнге дейін оларды сатпауын немесе көрсетпеуін талап етеді. Аталған шектеуліктер, әдеттегідей мәміле бағасына елеулі ықпал етпейтіндей болғанда қолданылады.

20. Осы Нұсқаулықтың 17-тармағындағы 3) тармақшаның шартымен 1-әдісті қолдану мынадай жағдайларда мүмкін еместігі, тауарлардың сатылуы мен мәміле бағасы, олардың құнын мөлшермен анықтауға болмайтын қайсібір талаптарға байланысты болмауын қарастырады.

Мысалы:

1) сатушы, егер сатып алушы белгіленген шамада басқа тауарларды қоса сатып алатын болса, әкелінген тауарлардың бағасын белгілейді;

2) әкелінген тауарлардың бағасы, әкелінген тауарларды сатып алушы басқа тауарларды әкелінген тауарларды сатушыға сататын бағаға немесе бағаларға байланысты;

3) әкелінетін тауарларға байланысты болмайтын төлемдердің шарты бойынша бағасы белгіленеді. Мысалы, егер, сатушы өңделген тауарлардың белгілі бір мөлшерін алу шартымен әкелінген тауарлар жартылай өнімдер болып табылса.

Бұл орайда, 1-әдісті қолданудың мүмкіндігіне ықпалын етпейтін шара түрінде қаралады:

"Инкотермс" сауда терминдерінің түсініктемесінің (бұдан әрі - Инкотермс) халықаралық ережелеріне сәйкес түсіндірілетін жеткізілімнің шарты;

сыртқы саудалық мәміле үшін жалпы жұрт қабылдаған болып табылатын басқа шарттар және мәміле бағасына айтарлықтай ықпал келтірмейді ( тауарлардың санына байланысты шегерім, "сатушыға берілген сенім" және басқалар);

Мысалы, тек сол сатушыдан тауарды сатып алған кезде, сатып алушыға берілген бағадан тұрақты шегерім, әдеттегідей, жалпы жұрт қабылдаған шарт болып қаралуы мүмкін, егер ол сыртқы саудалық тәжірибеде кәдуілгідей қолданылса.

21. Кеден құнын мәлімдеген кезде, осы Нұсқаулықтың 18-тармағындағы 4) тармақшасында көзделгендей, декларант қолданған деректерді құжаттармен дәлелдеу ретінде, келесі құжаттар болуы мүмкін:

фактура-шот (инвойс) немесе проформа-шот (алдын ала төлеуді немесе кезеңді тиелімді қарастыратын сатып алу-сатуға жасалған мәмілелер үшін), сондай-ақ төлем құжаттары - мәміле бағасын дәлелдеу үшін. Бұл орайда, төлем құжаттары беріледі, егер әкелінген тауарларға кедендік ресімдеу жүргізген кезде, олардың төлемі іске асырылған болса.

Егер берілген шотқа (инвойс) кеден органы күмән келтірсе (сатушы немесе сатып алушының реквизитінің болмауына, жазулардың анық болмауына байланысты және өзгелер), кеден органы мәміле бағасын растайтын басқа құжаттарды талап етуге міндетті (төлемдер, коммерциялық немесе өзгелер). Егер мәміле бағасын растайтын құжаттарды декларант ұсынбаса, кеден құнын айқындау үшін 1-әдіс қолданылмайды;

төлем, тауарға ілеспелі, сақтандыру, коммерциялық құжаттар - мәміле бағасына қосымша есептеуді растау үшін;

төлем, тауарға ілеспелі, коммерциялық, кеден құжаттары - жұмсалған

шығынды растау үшін.

22. Осы Нұсқаулықтың 17-тармағындағы 5 тармақшаға орай, 1-әдістің қолдану мүмкіндігінің міндетті шарты ретінде мәмілеге қатысушылар арасындағы өзара тәуелсіздіктің мәміле бағасына ықпал етпеуі.

23. Кеден ісі туралы Заңның 128-бабына сәйкес, өзара тәуелді адамдар деп төмендегі белгілердің бірін қанағаттандырған адамдар ұғынылады:

мәмілеге қатысушылардың бірі, не мәмілеге қатысушылардың біреуінің лауазымды адамы сонымен қатар мәмілеге басқа бір қатысушының лауазымды адамы болса;

мәмілеге қатысушылар кәсіпорынның ортақ иеленушілері болса;

мәмілеге қатысушылар еңбек қатынастарымен байланысты болса;

қандай-да болмасын бір адам, мәмілеге қатысушылардың бас-басының айналымында немесе мәмілеге қатысуын әрқайсысының жарғылық капиталындағы салымдары (пай) бар дауыс беретін акциялардың бес не одан да көп пайыздарына тура немесе жанама түрде иеленсе, не болмаса бақылауында болса;

мәмілеге қатысушылардың екеуі де үшінші адамның тікелей не жанама түрде бақылауында болса;

мәмілеге қатысушылар үшінші адамды бірлесіп, тікелей немесе жанама түрде бақылайтын болса;

мәмілеге қатысушылардың бірі басқа бір мәмілеге қатысушының тікелей не жанама түрде бақылауында тұрса;

мәмілеге қатысушылар немесе олардың лауазымды адамдары жақын туысқандары болса. Осы Нұсқаулықты қолдану үшін, жақын туысқандарға жатады:

ата-аналары, балалары, асырап алғандар, асырауға алғандар, бірге туған не ағайынды аға-інілері және апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері.

Мәмілеге қатысушылардың біреуі екіншісін бақылағаны осы тармақтың мақсаты болып есептеледі, егер мәмілеге қатысушылардың біріншісі екінші қатысушының іс-әрекетін заңды түрде немесе іс жүзінде шектей алса не бағыттайтын болса.

24. Мәмілеге қатысушылардың шынымен өзара тәуелді болуы, 1-әдісті қолдану үшін мәміле бағасын қолайлы деп тануға негіз бола алмайды. Аталған факті болған кезде, кеден органының лауазымды тұлғасы осы Нұсқаулықтың 26-тармағы белгілеген тәртіпте сатуды жүзеге асырған мән-жайларды зерделейді, және мәмілеге қатысушылардың өзара тәуелділігі мәміле бағасына әсер етпеу шартымен мәміле бағасы қабылданады. Егер декларант берген құжаттардың немесе кеден органында бар статистикалық деректердің негізінде кеден органының лауазымды тұлғасы өзара тәуелділік мәміле бағасына әсерін тигізеді

деп топшылауға негіз болса, онда кеден органы осы туралы декларантқа ( декларанттың өтініші бойынша жазбаша түрде), өзара тәуелділік тауардың бағасына әсер етпейтінін растайтын қосымша қажет құжаттарды беруге мүмкіндік туғызып, хабарлайды.

Мәмілеге қатысушылардың өзара тәуелділіктің ықпалын тексеру қажеттілігі тауарды шығаруды кешіктіру үшін негіз бола алмайды. Бұл орайда, тауарды шығару, осы Нұсқаулықтың 8-тарауы белгілеген шарттарды орындаған кезде жүзеге асады.

25. Мәмілеге қатысушылардың арасындағы өзара тәуелділіктің бағаға тигізетін әсерін тексерген кезде, кеден органы:

аталған адамдардың арасында бұрынғы жасалған мәмілелерді тексеруге, кеден органында табылатын осы мәмілеге тура не жанама қатысы бар және бағаланатын тауарлардың әкелінген, шамамен сол уақытта алынған ақпараттарды талдауға;

өзара тәуелділіктің тауарға тигізетін ықпалын талдауға;

декларант берген мәлімделген мәміле бағасын растайтын құжаттарды, сондай-ақ кеден органында табылатын ұқсас және біртектес тауарлар жөніндегі статистикалық деректерді қарауға;

декларанттың қалауымен, тұлғалардың өзара тәуелдік әсерін талдаудың нәтижесін күтпей-ақ, кеден құнын дербес анықтауға, не болмаса осы Нұсқаулықтың 7 тармағы белгілеген тәртіпте әдістердің ретімен оны анықтауға құқық беруге;

өзара тәуелді адамдардың арасында жасалған мәміле жөніндегі мәліметтерді есепке алуға міндетті.

26. Тәуелді адамдардың арасындағы мәміле бағасы 1-әдісті қолдану мақсатында қолайлы деп тану үшін, оның мәлімдеген бағасы шамамен сол уақытта белгіленген келесі бір бағаларға таяу екенін декларант құжаттармен дәлелдеуі тиіс:

өзара тәуелді емес қатысушылар арасында Қазақстан Республикасына экспортталған кезде ұқсас немесе біртектес тауарларға жасалған мәміле бойынша құнына;

4-әдіс бойынша анықталған ұқсас не біртектес тауарлардың кеден құнына;

5-әдіс бойынша анықталған ұқсас не біртектес тауарлардың кеден құнына;

Декларанттың салыстыру үшін ұсынған бағасы, мына айырмашылықтар ескеріліп түзетіледі:

коммерциялық деңгейде (көтерме сауда, бөлшек сауда); санында;

кеден ісі туралы Заңның 128-бабындағы екінші бөлімде көрсетілген элементтерде (шығындар);

сатушының өзара тәуелді адамдар арасында жасалған мәміле кезінде туындаған өзге де шығындар, егер осындай шығындар сатушының өзара тәуелсіз адамдармен жасасқан мәміле кезінде жүргізілмесе.

Аталған салыстырулар тек декларанттың бастамасы бойынша іске асырылады және бағаланатын тауарлар жөнінде жасалған мәміле шартымен салыстыру мақсатында пайдаланады.

27. Әкелінген тауарларды мемлекет кепілдігімен қамтамасыз етілген мемлекеттік немесе мемлекеттік емес сыртқы займдар есебінен сатып алғанда, осы параграфта қарастырылған (мысалы, бағасына әсер ететін) шектеуліктер болмаған жағдайда осындай тауарлардың кеден құнын анықтау үшін 1-әдісті пайдалануға рұқсат етіледі.

## 3 параграф. Мәміле бағасына қосымша есептеулерді анықтау тәртібі

28. Кеден құнын анықтау үшін 1-әдісті қолданған кезде, қаралып отырған мәміленің шарттары осы Нұсқаулықтың 19-28 тармақтарында айтылған кеден ісі туралы Заңның 128-бабындағы талаптарға сәйкестігін ескере отырып, кеден құнын түзету кеден ісі туралы Заңның 128-бабындағы екінші бөлімінің ережелеріне сәйкес іске асырылады. Бұл орайда, кеден ісі туралы Заңның 128-бабына сәйкес декларант, әкелінген тауарлардың кеден құнына, құжаттармен дәлелдеген және кіргізілмеген келесі шығындарды белгілеу және кіргізу қажет:

1) тауарларды әуежайға, кемежайға жеткізу жөніндегі немесе тауарды Қазақстан Республикасының кеден аумағындағы басқа жерге әкелу шығыстары, соның ішінде:

тасымалдау құны;

тауарларды тиеу, түсіру, қайта тиеу, және басқа көлікке ауыстыруға кеткен шығындар;

сақтандыру сомасы.

Осы тармақшада көрсетілген шығындар мәміле бағасынан алып тасталуы тиіс , егер бұл шығындар тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелгеннен кейін жүргізілсе және алып тасталатын сома деректі түрінде дәлелденсе;

2) сатып алушы шеккен шығындар:

тауарларды сатып алу жөніндегі комиссиялық төлемді қоспағанда, комиссиялық және делдалдық сыйақылар;

егер олар Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына (бұдан әрі - СЭҚ ТН) сәйкес бағаланатын тауарлармен біртұтас ретінде қаралатын болса , контейнерлердің немесе көп айналымға түсетін ыдыстардың құны;

орама материалдары мен орап-қаттау жөніндегі жұмыстардың құнын қосқанда, орап-қаттау;

3) әкетілуге арналып бағаланатын тауарларды өндіруге немесе сатуға байланысты пайдалану үшін тегін немесе арзандатылған баға бойынша сатушыға сатып алушыдан тікелей не жанама түрде берілсе, төмендегі тауарлар мен қызметтер құнының тиісті бөлігі:

бағаланатын тауарларды өндіру кезінде пайдаланылған құрал-саймандар, штамптар, қалыптар мен басқа да осы тәріздес заттар;

бағаланатын тауарлар өндіру кезінде жұмсалған материалдар (жағар материалдар, отын және басқалары);

Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары жерлерде жасалған және бағаланатын тауарлар өндірілген кезде тікелей қажетті инженерлік талдамалар, тәжірибе-конструкторлық, дизайн, көркем безендіру нобайлар мен сызбалар құнының тиісті бөлігі;

4) бағаланатын тауарларды сату шарттары ретінде сатып алушы тікелей немесе жанама түрде жүзеге асыруға тиісті интеллектуалдық меншік объектілерін пайдаланғаны үшін лицензиялық және өзге де төлемдер;

5) бағаланатын тауарларды кейіннен кез келген қайта сату, беру немесе пайдаланудан сатушының тікелей немесе жанама түрде тапқан кірісінің бір бөлігінің шамасы.

Нақты төленген немесе төленуге тиісті мәміле бағасына, осы тармақта көрсетілмеген шығындар қосылуы тиісті емес.

29. Атаулары әртүрлі тауарларды бір топтамамен жеткізген кезде, әкелінген тауардың әрқайсысының кеден құнына енгізуге жататын және тауарлардың барлық топтамасы үшін анықталған шығындарды анықтау сәйкес болатын шығындардың құны есептелген шамаға пропорциялық қатынаспен жүзеге асырылады.

30. Мәміле бағасының құрылымы жеткізілім шартына байланысты. Жеткізілім шартын дұрыс түсіндіру үшін Инкотермсті пайдалану керек.

Мысалы, ҒОВ (Инкотермс) бағасын пайдаланған кезде, кеден құнының құрылымына талап ету көзқарасымен қарағанда бағаға қосымша есептеуді жүргізу қажет, себебі оның ішіне жүкті тасымалдау мен сақтандыруға кететін шығындар кірген жоқ.

CIҒ (Инкотермс) бағасының құрылымы кеден құнының құрылымына көбірек сәйкес келеді.

DAҒ (Инкотермс) бағасын пайдаланған кезде бағаға қосымша ретінде сақтандыру шығындарын және жеткізілетін орнына байланысты - көлік шығындарын енгізу қажет.

DDP (Инкотермс) шартымен жеткізілген кезде бағасынан кеден құнына

кірмейтін шығындарды, атап айтқанда, Қазақстанға тауарларды әкелген кезде салынатын кеден төлемдері мен салықтарын алып тастау қажет.

31. Әрбір шартқа кететін шығын элементтерінің құрамы және сатушы мен сатып алушының арасындағы шығындарды бөлу, сондай-ақ сатушы мен сатып алушының міндеттері шартқа сәйкес және төлеуге байланысты түрлі әкелінетін тауардың қаралған бағасына байланысты төлем құжаттарды беруі бойынша айқындалады.

## 3 тарау. 2-әдіс
## (ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша)

32. Кеден құнын айқындау үшін 2-әдісті негіз ретінде пайдаланған кезде, ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы қабылданады.

33. Кеден ісі туралы Заңның 129-бабына сәйкес, бағаланатын тауарлармен барлық жағдайларда да бірдей ұқсас тауарлар, соның ішінде мына төмендегі белгілер бойынша ұқсас тауарлар деп ұғынылады:

табиғи сипаттамалары;

нарықтағы сапасы мен танымалдылығы;

шығарылған елі;

Бұл орайда:

1) бағаланатын тауарлармен тауарлар ұқсас деп есептелінбейді, егер олар бағаланатын тауарлар шыққан елде өндірілмесе;

2) тауарларды өндірген тұлға бағаланатын тауарларды өндіруші болып табылмаса, бағаланатын тауарларды өндіруші тұлға өндірген ұқсас тауарлар болмаған жағдайда есепке алынады;

3) тауарлар ұқсас деп саналмайды, егер оларды жобалау, оларға жүргізілген тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, дизайны, көркем безендірудің нобайлары мен сызбалары:

сатушы сатып алушыға Қазақстан Республикасына экспортқа арналып өндірілуі мен сатылуына байланысты пайдалану үшін тегін немесе арзандатылған баға бойынша берсе;

Қазақстан Республикасында жасалған, осыған байланысты олардың құны, кеден ісі туралы Заңның 128-бабындағы екінші бөлімнің 3) тармақшадағы бесінші абзацтың негізінде тауарлардың кеден құнына енгізілмеген.

34. Сыртқы түрі бойынша азын-аулақ айырмашылықтар (мысалы, негізгі атқарымды болып табылмайтын детальдардың түсі, пішіні және мөлшері) осындай тауарларды әдеттегідей ұқсас тауарлар ретінде қараудан бас тартуға негіз бола алмайды, егер олар қалған жағынан қарағанда осы Нұсқаулықтың 33-тармағында көрсетілген ұқсас тауарлардың талаптарына сай келсе.

Тауарлардың табиғи және сапалық сипаттамалары бойынша ұқсастығы, тауарлардың аталған түрлеріне тән табиғи және сапалық сипаттамаларын салыстыру негізінде белгіленеді.

35. "Нарықтағы беделі" белгілері бойынша тауарлардың ұқсастығын белгілеу, тауарларды өндіруші мен немесе сатушының нарықтағы тауарлар беделін салыстыру негізінде жүргізіледі.

Тауарлардың табиғи, сапалық сипаттамалары бойынша, сондай-ақ " нарықтағы беделі" белгілері бойынша ұқсастығын белгілеу үшін тәуелсіз сараптаушының шақырылуы мүмкін.

Тауарларды шыққан елінің белгілері бойынша ұқсастығын белгілеу дәлелдейтін құжаттардың негізінде жүргізіледі.

36. Кеден құнын айқындау үшін ұқсас тауарлармен жасалатын мәміле бағасы негіз ретінде алынады, егер осы тауарлар:

Қазақстан Республикасының аумағына әкелу үшін сатылса;

әкетілуіне дейін шыққан елінен тоқсан күн бұрын және бағаланатын тауарларды әкеткен күннен бастап 90 күн кешіктірмей әкетілсе;

бағаланатын тауарлар тәрізді шамамен сол мөлшерінде және сол коммерциялық деңгейде әкелінсе.

37. Егер тауарларды шамамен сол мөлшерінде және сол коммерциялық деңгейде әкелу жағдайлары болмаса, ұқсас тауарлардың құны қолданылуы мүмкін:

сол коммерциялық деңгейде, бірақ басқа мөлшерде;

басқа коммерциялық деңгейде, бірақ елеулі шамамен сондай мөлшерде;

басқа коммерциялық деңгейде және басқа мөлшерде әкелінсе.

38. Ұқсас тауарлар құнының таңдап алынған вариантын ескере отырып:

мөлшерлік факторлары бойынша;

коммерциялық деңгейінің факторлары бойынша, коммерциялық деңгейінің факторлары және мөлшерлік факторлары бойынша тиісті түзетулер енгізіледі.

Ұқсас тауарлар бойынша осындай жағдаймен айқындалған мәміле бағасы бағаланатын тауарлардың кедендік құны болып табылады.

39. Коммерциялық деңгейде немесе мөлшерінде айырмашылықтың салдарынан (құнның артуы мен кему жағына қарай) түзетуді кеден органына берілген дұрыс және құжаттармен растаған мәліметтер негізінде жүргізіледі. Осындай мәліметтер ретінде сатушының (өндірушінің) түрлі коммерциялық деңгей мен түрлі мөлшерлерге қатысты бағалары бар қолданылып жүрген прейскуранты қаралуы мүмкін.

40. Түзету жүргізілген кезде, мәміле бағасына кеден ісі туралы Заңның 128-бабындағы екінші бөлімінің 1) тармақшасында көзделген шығындар, әсіресе салыстыратын тауарлар жеткізілімінің коммерциялық деңгейінде

айырмашылықтар болған жағдайда, ең алдымен тасымал қашықтығы мен жеткізілім түрлері бойынша айырмашылықтардан туындайтын айырмашылықтар .

Осындай түзетуді декларант дұрыс және құжаттармен растаған мәліметтер негізінде енгізуі тиіс.

41. Егер аталған әдісті қолданған кезде тауарлар бойынша жасалған мәміленің бір бағасынан артық баға анықталатын болса, онда кеден құнын айқындау үшін осы бағалардың ең төмені қолданылады.

## 4 тарау. 3-әдіс
## (біртектес тауарлармен жасалатын мәміле бағасы бойынша)

42. Тауарлардың кеден құнын айқындау үшін негіз ретінде 3-әдісті пайдаланған кезде, біртектес тауарлар бойынша мәміле бағасы қабылданады.

43. Кеден ісі туралы Заңның 130-бабына сәйкес, олар барлық жағынан бірдей бола тұрмаса да, сипаттамасы бірдей, әрі құрамы ұқсас болғандықтан біртектес тауарлар деп ұғынылады, бұл оларға бағаланатын тауарлар функциясын атқаруға және коммерциялық тұрғыда бір-бірін алмастыруға мүмкіндік береді.

44. Тауарлардың біртектестігін анықтаған кезде, олардың мына төмендегі белгілері ескеріледі:

сапасы, тауар белгісінің болуы және нарықтағы танымдылығы;

шығарылған елі.

Мысалы, бірдей шамадағы резеңке қаптамалар, сол елдің ішінде орналасқан әртүрлі екі өндірушілерден импортталады.

Әрбір өндірушінің әртүрлі сауда маркасын пайдаланғанына қарамастан, біргелкі стандарт, сапасы бар резеңке қаптамалар автомобиль өндірісінде бірдей беделмен пайдаланылады.

Осы деректердің негізінде келесі тұжырымдар жасалуы мүмкін:

Аталған резеңке қаптамаларда әртүрлі сауда маркалары болуына байланысты, олар ұқсас тауарлар ретінде қаралуы мүмкін емес;

Аталған резеңке қаптамалар ұқсас тауарлар болып табылмаса да, сипаттамасы мен құрамдас материалдарының бірдей болуы, олардың біргелкі функция атқаруына мүмкіндік береді. Тауарлардың бірдей стандарты ескеріліп орындалуына байланысты, сапасы мен нарықтағы беделіне қатысты біргелкі болып, бірақ сауда маркасы бірдей болмаса, олар біртектес тауарлар ретінде қаралуы тиіс.

45. 3-әдісті пайдаланған кезде, осы Нұсқаулықтың 35-41 тармақтарында көрсетілген 2-әдісте қолданылған принциптер пайдаланады.

46. 3-әдісті кеден құнын айқындау үшін негіз ретінде пайдаланған кезде:

1) егер бұл тауарлар бағаланатын тауарлар өндірілген елде өндірілмесе, онда олар бағаланатын тауарлармен біртектес тауарлар деп есептелінбейді;

2) бағаланатын тауарларды өндіруші емес басқа тұлға шығарса, бағаланатын тауарларды өндіруші-тұлға шығаратын біртектес тауарлар болмаған жағдайларда ғана назарға алынады;

3) тауарлар біртектес тауарлар деп есептелмейді, егер олардың жобалауы, атқарылған тәжірибелік-конструкторлық жұмыстары, олардың көркем безендірілуі, дизайны, нобайлары мен сызбалары:

сатып алушы Қазақстан Республикасына экспортқа өндіруге және сатуға байланысты пайдалану үшін сатушыға тегін немесе арзандатылған баға бойынша берсе;

Қазақстан Республикасында жасалуына байланысты олардың құны кеден ісі туралы Заңның 128-баптағы екінші бөліміндегі 3) тармақшаның бесінші абзацы негізінде кеден құнына енгізілмеген.

47. Біртектес тауарлар бойынша түзетулер ескеріліп айқындалған мәміле бағасы бағаланатын тауарлардың кедендік құны болып табылады.

## 5 тарау. 4-әдіс (құнды шегеру)

48. Егер бағаланатын, ұқсас немесе біртектес тауарлар ішкі нарықта өзінің бастапқы күйін өзгертпей сатылатын болса, осы Нұсқаулықтың 57-тармағы белгілеген жағдайларды қоспағанда, кеден құнын 4-әдіс бойынша айқындау жүргізіледі.

49. Тауарлардың кеден құнын айқындау үшін 4-әдісті негіз ретінде пайдаланған кезде тауардың бірліктік бағасы қабылданады, ол бойынша бағаланатын, ұқсас немесе біртектес тауарлар сатушы тұлғамен өзара байланысты емес мәмілеге қатысушыға Қазақстан Республикасының аумағында неғұрлым көп мөлшерде сатылады. Бұл орайда, сату бағаланатын тауарларды әкелумен бір мезгілде, ал осындай мерзімде сатылмаған кезде - бағаланатын тауарларды әкелгеннен кейінгі ең таяу күнде іске асырылуы тиіс, бірақ ол тоқсан күннен кешіктірілмейді.

50. Кеден ісі туралы. Заңның 131-бабына сәйкес, тауардан бірлік бағасынан, егер оларды бөліп көрсету мүмкін болса, аталған тауарларды Қазақстанға әкелгеннен кейін жасалған шығындар, атап айтқанда:

әдеттегі төленетін немесе төлеуге келісім берілген комиссиялық сыйақылар немесе әдеттегі кіріс түсіру мақсатында есептелген және сол топқа немесе түрге жататын тауарларды Қазақстан Республикасында сатуға байланысты жалпы шығындардың орнын толтыру үшін есептелетін үстемақылар;

тауарларды әкелуге және (немесе) сатуға байланысты Қазақстан

Республикасында төленуге тиисті әкелу бажы, салықтары, алымдары және өзге де төлем сомасы;

Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылатын тасымалдау, сақтандыру, тиеу-түсіру жұмыстарына Қазақстан Республикасында төленетін әдеттегі шығындар.

51. Осы Нұсқаулықтың 50-тармағындағы екінші абзацта көрсетілгендей кіріс пен жалпы шығындар әдеттегідей біртұтас болып қаралуы тиіс. Осы шегерімнің шамасы декларант ұсынған ақпараттарға негізделіп анықталады, егер декларанттың деректері Қазақстан Республикасында сол топқа немесе түрге жататын тауарлар сатылған кезде алынған деректерге сәйкес келсе. Егер декларанттың деректері көрсетілген деректерге сай келмесе, кіріс пен жалпы шығындардың шамасы оны анықтауға жеткілікті өзге ақпараттан алынып айқындалады. Декларанттың өтініші бойынша кеден органы осы деректерге негізделген деректер мен есептеулерді пайдаланған осындай өзге ақпарат көздері туралы декларантты хабардар етеді.

Қаралып отырған тауарларды өткізуге байланысты, тура және жанама шығындар жалпы шығынға кіреді.

52. Ішкі нарықта ұқсас және біртектес тауарлардың сатылу бағасын іріктеген кезде әкелгеннен кейін сатылған осындай тауарлардың алғашқы бағасы пайдаланылады.

53. 4-әдіс бойынша кеден құнын айқындау мақсатында пайдалану үшін тауардың бірлік бағасын белгілеген кезде, кеден ісі туралы Заңның 128-бабындағы екінші бөлімнің 3) тармақшасында көзделген Қазақстан Республикасына экспортқа арналып өндіруге және сатуға байланысты пайдалану үшін қайсібір элементтерді сатушыға тікелей немесе жанама түрде (тегін немесе арзандатылған бағамен) жеткізілімді атқарып жүрген Қазақстандық тұлғаға қандай да болмасын сату назарға алынбайды.

54. Қазақстан Республикасының ішкі нарығында сатылған тауарларды іріктеген кезде сол топтағы немесе түрдегі тауарлар, яғни белгілі бір өнеркәсіп саласында жасалған, және ұқсас немесе біртектес тауарлары бар, алайда олармен бітпейтін тауарлардың тобына немесе разрядына жататын тауарлар.

Аталған жағдайда, 4-әдісті қолдану үшін, әдеттегідей бағаланатын тауарлар шыққан елден әкелінген тауарлар тәрізді, басқа елден әкелінген тауарлар да қаралады.

55. 4-әдісті пайдалану мақсаты үшін бағаланатын тауарлар әкелінгеннен кейінгі ең таяу күн, тауарлардың бірлік бағасын белгілеу үшін жеткілікті мөлшерде бағаланатын тауарлар, ұқсас немесе біртектес тауарлар сатылатын күн болып табылады.

56. Бағаланатын тауарларды, ұқсас немесе біртектес тауарларды, олар

әкелінген сәтте болған қалпында ішкі нарықта сату жағдайлары болмаған кезде, декларанттың өтініші бойынша, қосылған құнды шегеріп, 131-баптың екінші және төртінші бөліміндегі ережелер сақтала отырып, ұқсатылған тауардың бірлік бағасы пайдаланылуы мүмкін.

Бұл орайда, қосылған құнды шегеру объективтік және ұқсату құнына қатысты мөлшермен анықталатын деректерге негізделеді. Тиісті өндіріс саласында қолданылып жүрген өнеркәсіп формуласы, құрылыс әдістері мен өзге де нормативтері бар қолданылып жүрген технологиялық құжаттамалардың негізінде жүргізіледі.

57. Әдеттегідей, 4-әдіспен бағалау, егер әкелінген тауарлар ұқсатудың нәтижесінен ұқсату өнімдерінде сәйкестендіру мүмкін болмаса, ұқсату құнын анықтауға болмаған жағдайларда қолданылмайды. Кеден органы аталған әдісті пайдаланудың мүмкіндігі туралы шешімді әрбір бөлек жағдайдың мән-жайына қарап, қабылдайды.

## 6 тарау. 5-әдіс (құнды қосу)

58. Кеден құнын айқындау негізі ретінде 5-әдісті пайдаланған кезде, қосу жолымен есептелген тауардың бағасы қабылданады:

бағаланатын тауарларды өндіруге байланысты, оны өндірушінің жұмсаған материалдары мен шығысының құны;

Қазақстан Республикасына жеткізілген кезде, экспорттаушы өндірілген елде бағаланатын тауарлар тәрізді сол топтағы және түрдегі тауарлар сатылған кезде әдеттегідей бағаға кіретін пайда мен жалпы шығындардың сомасы.

Сол топ пен түрдегі тауарларды әуежайға, кемежайға жеткізу немесе Қазақстан Республикасының аумағындағы басқа жерге әкелу шығындарының құны, оның ішінде тасымалдау, тиеу түсіру, қайта тиеу және басқа көлікке ауыстыру сақтандыру құндары.

59. Аталған әдіс бойынша кеден құны Қазақстан Республикасынан тысқары жерде тұрған сатушы (өндіруші) берген ақпараттардың негізінде айқындалуы мүмкін.

Шығындар туралы деректер өндіруші немесе оның атынан ұсынылған бағаланатын тауарларды өндіруге қатысты ақпараттар негізінде анықталуы тиіс. Көрсетілген ақпарат, өндірушінің, егер осындай есеп берудің тауарлар шығарылған елде қолданылып жүрген есеп жүргізудің жалпы жұрт қабылдаған принциптеріне сәйкес келу шартымен, коммерциялық есеп беруіне негізделуі тиіс.

60. Материалдар мен шығындардың құны өндірушінің, егер осындай бухгалтерлік есеп берудің тауарлар шығарылған елде қолданылып жүрген

бухгалтерлік есеп берудің жалпы жұрт қабылдаған принциптеріне сәйкес келу шартымен, бухгалтерлік есеп берудің негізінде анықталуы тиіс.

61. Осы Нұсқаулықтағы 58-тармақтың үшінші абзацында көрсетілген пайда мен жалпы шығындар біртұтас болып қаралуы тиіс. Пайда мен жалпы шығындардың сомасы бағаланатын тауарларды сатушы (өндіруші) немесе оның атынан берілген ақпараттың негізінде анықталады, егер өндірушінің берген деректері Қазақстан Республикасына әкелу үшін экспорттаушы елде сатушы ( өндіруші) сол топ пен түрдегі тауарларды сату жөніндегі мәліметтерге сәйкес келетін болса.

Егер өндірушінің деректері көрсетілген деректерге сай келмесе, пайда мен жалпы шығынның мөлшері оны айқындауға жеткілікті өзге ақпараттарды басшылыққа ала отырып, айқындалуы тиіс. Декларанттың өтініші бойынша кеден органы осы деректерге негізделген деректер мен есептеу үшін пайдаланған осындай өзге ақпараттың көзі туралы декларантты хабардар етеді.

Қаралып отырған тауарларды өткізуге байланысты, тура және жанама шығындар жалпы шығынға кіреді.

62. Қандай да болмасын бір жағдайларда өндіруші түсірген пайдасының шамасы айтарлықтай болмаса, ал жалпы шығын алынған пайда сомасынан асып кетсе, онда оның пайдасы мен жалпы шығынының сомасы, қайткенде де сондай топ пен түрдегі тауарларды сатқан кезде жасалатын сомаға сай келуі мүмкін ( мысалы осындай жағдай, тауарды Қазақстан Республикасына алғашқы рет әкелгенде болуы мүмкін, және өндіруші қазақстандық нарықты игеруге байланысты туындаған барынша жалпы шығындардың орнын соның есебінен ішінара толтыру үшін түскен пайданың нөлдік немесе төменгі деңгейін қабылдайды).

Егер сатушы (өндіруші) ерекше коммерциялық жағдайдың салдарынан тауарларды сатқан кезде төмендеген пайда алғанын көрсете алса, онда тапқан пайдасының нақты көрсеткіштері, осындай коммерциялық жағдайдың бар екенін дәлелдеу және оның баға саясаты кәсіпорынның аталған саласында қолданылатын әдеттегі баға саясатына сәйкес келу шартымен назарға алынуы мүмкін (ұқсас жағдай, мысалы мына жағдайда, егер өндірушілер сұранымның аяқ астынан төмендеуінің салдарынан бағаны уақытша төмендетуге мәжбүр болса немесе олар Қазақстан Республикасында шығарылатын тауарлардың санатын толтыру тәртібімен тауарларды сатса және өзінің бәсекеге жарамдылығын сақтап қалу мақсатымен төменгі пайдаға келісетін болса).

63. Сатушы (өндіруші) ұсынған пайда мен жалпы шығынның сомасы туралы мәліметтер Қазақстан Республикасына әкелу үшін экспорттаушы елде шығарылған бағаланатын тауарлар тәрізді сондай топ пен түрдегі тауарларды сатқан кезде болған мәліметтерге сай келмесе, түскен пайда мен жалпы

шығынның сомасы басқа сенімді ақпаратқа негізделеді. Бұл жағдайда декларанттың өтініші бойынша кеден органы осындай ақпарат көзі туралы декларантты хабардар етеді.

## 7 тарау. 6-әдіс (резервтік )

64. Егер декларант тауардың кедендік құнын 1-5-әдістерін дәйекті түрде қолдану нәтижесінде анықтай алмаса, бағаланатын тауарлардың кедендік құны тауарлардың кедендік бағасының халықаралық принциптеріне сәйкес 1-5-әдістерді неғұрлым икемді қолдану жолымен айқындалады.

65. 6-әдісті пайдаланған кезде 1-5-әдістерді кейбір ауытқулармен қолдануға рұқсат етіледі:

2-әдіс немесе 3-әдісті пайдаланған кезде ұқсас немесе біртектес тауарларды әкету мерзімі бойынша немесе тауардың шыққан жері бойынша талаптардан орынды ауытқуға рұқсат етіледі;

4-әдісті пайдаланған кезде ішкі нарықта тауарларды сату мерзімі бойынша талаптардан орынды ауытқуға рұқсат етіледі, сондай-ақ олардың қандай күйінде сатылғаны туралы (әкелінгеннен кейін кейбір ұқсатуда болған тауарлардың бірлік бағасын пайдалану мүмкіндігіне рұқсат ету).

66. 6-әдісті пайдаланған кезде дүние жүзілік баға, ішкі нарық бағасы бойынша ақпараттық анықтамаларды пайдалануға рұқсат етіледі; статистикалық деректерді, жалпы жұрт қабылдаған деңгейдегі комиссиялық төлемдерді, шегерімдерді, түскен пайданы, көлікке салынған тарифтар мен өзге мәліметтерді, сондай-ақ тауарлардың тауарлық-құндық сараптамасының деректері пайдалануға рұқсат етіледі. Бұл орайда, коммерциялық деңгейі мен (немесе) бағаланатын тауарлардың саны ескеріліп, деректерді міндетті түрде тиісті түзетулер жүргізіледі.

67. Тауардың кедендік құнын айқындау үшін 6-әдісті пайдаланған кезде кеден органында бар бағалық ақпарат пайдаланылуы мүмкін.

Бағалық ақпаратты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті ЖКД статистикалық деректеріне негізделіп құрылады.

68. 6-әдіс бойынша тауардың кеден құнын айқындау үшін негіз ретінде:

экспортшы елдің ішкі нарығындағы тауардың бағасын;

әкелінетін елден үшінші елге жеткізілетін тауардың бағасы;

Қазақстанда шығарылған тауарларға Қазақстан Республикасының ішкі нарығындағы тауардың бағасы;

тауардың өз бетінше белгіленген немесе дұрыс дәлелденбеген бағасын;

кеден ісі туралы Заңның 132-бабында көзделмеген шығындарды есептеудің

негізінде анықталатын ұқсас немесе біртектес тауарлардың құнын; ең аз кедендік құнды пайдалануға болмайды.

Тауардың кедендік құнын 6-әдіс бойынша айқындаған кезде кеден мақсаты үшін екі балама құнның ең төменгі құнын пайдалануды көздейтін жүйе негіз ретінде қабылданбайды.

## 8 тарау. Тауардың шартты бағасы

69. 1-әдісті пайдалану мүмкін болмағанда және 2-6-әдістерге сай, декларант мәлімдеген кедендік құнды нақтылау қажеттігі туындаса, кеден органында бар бағалық ақпараттарды басшылыққа ала отырып, мәлімделген тауарды кеден органында іске асырылған тауарлардың шартты кедендік бағасына сәйкес алады. Бұл орайда, кеден органы кедендік құны, кеден төлемдері мен салықтарын түзету нысанын толтырудың Ережесіне сәйкес кеден құнын түзету (бұдан әрі - КҚТ) нысаны толтырылады.

70. Тауарларды шартты кеден бағасына сәйкес шығару келесі шарттарды орындаған кезде:

1) кеден төлемдері мен (немесе) салықтары салынатын тауарлар бойынша:

декларант мәлімдеген кеден құнына сәйкес кеден төлемдері мен салықтарды есептеу және кеден төлемдерін салу мен кеден төлемдерін қайтару тәртібіне қойылған талаптарға сәйкес тәртіпте оларды төлеу;

кеден органы жүргізген тауарлардың шартты кеден бағасымен және декларанттың мәлімдеген кеден құнының арасындағы айырмашылықтан алынып есептелетін кеден төлемдері мен (немесе) салықтарының төлемінің сомасын қамтамасыз ету. Төлем уәкілетті банкінің кепілдік түрінде немесе Қазақстан Республикасының кеден органының депозитіне салуды қамтамасыз ету түрімен жүргізіледі;

2) кеден төлемдері мен (немесе) салықтары салынбайтын тауарлар бойынша - кеден органы белгілеген мерзімде қажет құжаттарды бергені туралы міндеттеме бергенде жүзеге асырылады.

Бұл орайда, кедендік құнды нақтылауды іске асырып жүрген кеден органының лауазымды тұлғасы жүк кеден декларациясына (бұдан әрі - ЖКД) және МКҚ-на тиісті белгілерді қояды.

71. Тиесілі соманы депозитке салу кеден ісінің мәселесі жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіпте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісімі бойынша іске асырылады.

72. Кеден төлемдері мен салықтарының салынған сомасы кеден органының депозитінде сақтау мерзімі 60 күн болады, төлем құжаттарын растау құжаттары ретінде ұсынған кезде және мәміле шарты бойынша төлем мерзімі 60 күннен

асқан жағдайларды қоспағанда.

Мәлімделген кеден құнын растайтын құжаттарды декларант бергеннен кейін, кеден төлемдері мен салықтарының артық төленген сомасын қайтару (есепке алу ) не болмаса ККТ-1-дің нысанын толтырып төленбеген соманы өндіріп алу іске асырылады.

Белгіленген мерзім өткеннен кейін мәлімделген кедендік құнды растау үшін қажет құжаттарды ұсынбаған кезде, тауардың шартты бағасы қолданылып есептелген кеден төлемдері мен салықтарының сомасын кеден органының лауазымды тұлғасы тауардың кедендік құнына қатысты соңғы шешім болып табылатын ККТ-1-ді толтыру жолымен бюджеттің кірісіне аударады.

Келісілді
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс
Министрі
2001 жылғы 5 ақпан

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2001 жылғы 6 ақпандағы
N 42 бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың дұрыстығына бақылау жасау жөніндегі нұсқаулық

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың дұрыстығына бақылау жасау жөніндегі нұсқаулық декларант мәлімдеген Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың дұрыстығына бақылау жасау кезінде кеден органдарының лауазымды тұлғаларына пайдалануға арналған.

2. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындаудың дұрыстығына бақылау жасауды кеден органдары жүзеге асырады және:

1) декларант кеден құнын айқындау әдісінің таңдау және пайдалану дұрыстығын бағалауда;

2) сыртқы сауда мәмілелерінің шарттарына қарай кеден заңдарының талаптарына мәлімделген кеден құнына сәйкестігін тексеруде;

3) оның растауындағы құжаттарда берілген мәліметтердің кеден құнын айқындау кезінде пайдаланылғандармен сенімділігі мен сәйкестігін тексеруде;

4) декларант мәлімдеген кедендік мақсаттарға арналған кеден құнын пайдалану мүмкіндігі туралы шешім қабылдауда;

5) сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың экспорт-импорт операциялары мониторингінде, соның ішінде кеден құны туралы мәліметтер сенімділігіне салыстырмалы күмәннің болуы не болғанына қатысты

қорытындыланады.

3. Кеден құнын бақылау рәсімі тауарларды шығарудың негіздемесіз бөгелуін жібермеу мақсатымен "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 216-бабында белгіленген мерзімде жүргізілуі қажет. Кедендік ресімдеу кезеңінде тауарды қабылдау мүмкіндігі болмаған кезде, тауардың кедендік құны туралы шешім Кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кедендік құнын айқындау тәртібі туралы нұсқаулықтың 8-тарауында белгіленген тәртіпте шартты жіберілуі.

## 2. Әкелінетін тауарлардың мәлімделген кедендік құнын бақылаудың рәсімі

4. Кедендік құнды айқындаудың дұрыстығын бақылауды кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органының лауазымды тұлғасы жүргізеді.

5. Кедендік құнды айқындаудың дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру процесінде мынадай мезеттерді ескеру қажет:

1) тауарларды кедендік бағалау қолданылып жүрген заңға қатаң сәйкестікте жүргізілуі қажет. Бұл ретте, тауарлардың кедендік құнының біреуден артығын анықтаған жағдайда (мысалы, ұқсас немесе бір текті тауар бойынша мәміленің шығыс бағаларының бірнеше нұсқаларының, тасымалдауға бірнеше тарифтердің нұсқаларының және басқалардың бар болуының салдары), олардың ішіндегі ең төменгісі пайдаланылады;

2) Кеден ісі туралы заңның 124-бабына сәйкес декларанттың кеден органына берген коммерциялық құпияны құрайтындар немесе құпия болып табылатындар ретінде мәлімделген ақпараты кедендік мақсаттарда ғана пайдаланылуы мүмкін және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды есептемегенде, декларанттың жазбаша рұқсатынсыз, өзге де мемлекеттік органдарды қоса алғанда, үшінші адамға жария етілуге, берілуге болмайды. Коммерциялық құпияны жария еткені үшін кеден органдарының лауазымды тұлғасы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген ұқсас немесе бір текті тауар бойынша кеден органының ақпаратын пайдалану тауардың кедендік құнының мөлшеріне тікелей қатысты бөлікте иесізденген түрде ғана рұқсат етіледі (яғни, сатушы, сатып алушы, декларант және мәмілені сәйкестендіруге жол беретін басқа да тұлғалар туралы нұсқаусыз деректер);

3) бағаларды салыстыру үшін бағалы ақпаратты пайдалану әрбір бағалы ақпараттың түрін белгілеумен сәйкес қатаң жүзеге асырылуы қажет;

4) кеден органы әкелінетін тауарлардың құнына талдауды және тауарлардың

нақты түрлері бойынша оның ауытқуын жүзеге асырады. Мұндай талдаудың қорытындысы бойынша осы рыноктың деңгейі және олардың ауытқу ауқымы үшін сипатты нақты қалыптасқандар анықтайды. Мұндай талдаудың деректері әкелінетін тауарлардың кедендік құнын бақылау процесінде пайдаланылуы қажет;

5) мұндай жағдайда, егер кедендік құнды бақылау процесінде тауарлардың кедендік құнын нақтылау үшін декларанттан қосымша мәліметтер алу қажеттігі анықталса, кеден органы ақпаратты сұрай отырып, қосымша құжатты растауды талап ететіндер жөніндегі мәселелерді айқындау не егер бұл болатын болса, сұралған құжаттардың нақты тізбесін көрсету қажет;

даярлаушы-фирма бағаларының (прайслистер) каталогтары, ерекшеліктері, прейскуранттары;

бағаланатын тауарға даярлаушы-фирмалардың калькуляциясы (егер фирма оны қазақстандық сатып алушыға беруге келіссе);

ҚКД-ға хабарланған мәліметтерді растау үшін пайдаланылуы мүмкін басқа да құжаттар.

17. Декларант кеден белгілері үшін арналған бағандардан басқа ҚКД (ҚКД-1 немесе ҚКД-2) барлық бағандарын толтыру жөніндегі Ережелерге сәйкес дербес толтырады.

## 3. Кеден құнын түзету

18. Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларға қатысты кеден құнын, кеден төлемдерін және салықтарын түзету мынадай жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін, егер:

1) кеден құнын кедендік ресімдеу және бақылау барысында:

осы Нұсқаулықтың 19-тармағына белгіленген жағдайлардан басқа, берілген және расталған құжаттардағы декларант хабарлаған кеден құнының әдісі, көлемі және (немесе) құрылымы сәйкес еместігі анықталса;

ҚКД-1 немесе ҚКД-2 нысандарында хабарланған кеден құнының көлеміне әсер еткен техникалық қателер анықталса;

Заңның 125-бабына сәйкес тауарларды декларанттың пайдалануына беру мақсаттарында кеден құнын шартты қолдану қажеттілігі анықталса;

2) тауар еркін айналым, соның ішінде кеден бағасын шартты қолдану үшін шығарылғаннан кейін:

тауардың кеден құнын декларант берген қосымша ақпараттар негізінде соңғы рет айқындау кезінде, болмаса, тауарды кеден органы жүзеге асырған кедендік бағалау қабылданған кезде (мысалы, декларант қажетті ақпаратты белгіленген мерзімде бермеген жағдайда);

кеден құнының көлеміне және (немесе) құрылымына әсер еткен тауарларды декларациялау кезінде орын алған техникалық қателер анықталса;

келесі тексеру барысында анықталған (кеден органында сақталған құжаттар пакетін келесі бақылау кезіндегідей, СЭҚ қатысушылардың қызметіне қаржы-шаруашылық тексеру жүргізу кезінде), дұрыс емес декларациялар анықталса;

Сыртқы сауда келісім-шарты (келісімі) шарттарының саны және (немесе) сапасы бойынша әкелінген тауарлардың ауытқуларына байланысты, ККД қабылдау күні орын алған нақты тауарлар құнының хабарланған кеден құнына сәйкессіздігі анықталса. Түзету осы Нұсқаулықпен белгіленген тәртіпке сәйкес декларанттың өтініші бойынша жүргізіледі.

Тауардың санының және (немесе) сапасының сәйкес еместігін растаушы болып табылатын құжаттар:

1) кеден төлемдері мен салықтары салынбайтын, - сатушымен (жеткізушімен) келісілген (сатушы (жеткізуші) өкілінің қатысуымен саны және сапасы бойынша қабылдау актісі) тілек тауарлары бойынша;

2) тәуелсіз сараптаманың қорытындысы (актісі) - қалған тауарлар бойынша.

19. Декларант хабарлаған құнның шот-фактурада көрсетілген көлемге сәйкес келмеуі егер, хабарланған құн тауарлардың бүліну (жоғалу) фактілерін растайтын мынадай құжаттарды кеден органына берген жағдай кезінде, кеден құны хабарланатын сәтке дейін анықталған жоғалу немесе бүліну мөлшеріне сәйкес көлемнің фактурасынан айырмашылығы болған жағдайда, кеден құны түзетілуге келмейді:

1) егер, әкелінетін тауарларға кеден төлемдері мен салықтар салынған жағдайдағы тәуелсіз сараптаманың қорытындысы немесе актісі;

2) тауардың жоғалуы немесе бүлінуі жөніндегі талаптың тауарды сақтау мәмілесі бойынша жауапты тұлғамен (сатушы, тасушы, сақтандырушы) келісімі.

Шартта келісілген франшиз немесе баға туралы келісімде қате айтылған сомалардың шегінен шықпайтын саны және сапасы, көлемі бойынша ауытқуларды кеден органы бағаны төмендету үшін негіз ретінде қабылдамайды.

20. Төленуге тиісті есептелген кеден төлемдері мен салықтардың еркін айналымы үшін тауарды шығарғаннан кейінгі түзету жүргізу кезінде төленген кеден төлемдері мен салықтары және нақты төленгендері арасындағы айырмашылыққа берешекті төлеу күні әрекет ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландыратын ресми ставкасының 1,5 есе көлемінде

өсімақы есептеледі. Өсімақы кедендік ресімдеуге ЖКД қабылдаған күннен бастап есептеледі.

Кеден құнын түзету декларанттың бастамасы бойынша жүргізілген жағдайларда, өсімақы есептелмейді. Бұл ретте, кеден органдарымен тексеру жүргізу кезінде табылған хабарланған кеден құнының көлеміне сәйкессіздігі бойынша кеден құнын түзету декларанттың бастамасы бойынша жүргізілген болып табылады.

21. КҚТ-1, КҚТ-2 нысандары (Кеден құнын, кеден төлемдері мен салықтарын түзету нысандарын толтыру ереже қосымшасы) тек қана кеден құны (соның ішінде кеден төлемдері мен салықтардың статистикалық құны) түзетілмейтін тауарларға толтырылады. Аталған нысандар ЖКД-ның бөлінбес бөлшегі болып табылады.

КҚТ нысандарын толтыру Ережесі осы Нұсқаулықтың 4 қосымшасында белгіленген.

22. КҚТ-1 декларант хабарлаған алғашқы кеден құны жіберуші елдерден төлем құжаттарымен немесе экспортты кеден декларациясымен расталған жағдайда, толтырылмайды.

23. Құжаттарды кедендік ресімдеуге қабылдағаннан кейін декларант хабарлаған кеден құнының кеден органы жүргізетін барлық түзетулері тауарларды кедендік бағалау сияқты қаралады және декларантпен белгіленген тәртіпте шағымдалынуы мүмкін.

24. Декларант жүргізетін есептемелерге (соның ішінде соңғы кеден органына қажетті қосымша мәліметтер бергеннен кейін) түзету қажет болған жағдайда, кеден органының лауазымды тұлғасы ККД-ның "Кеден белгісі үшін" болмаса ККД нысанының сыртына "Кеден белгілері" тақырыбын көрсетумен арнайы бағандарға қажетті түзетулердің себебін көрсетіп, "КҚ нақтылануда" деген жазба жүргізеді.

Кеден органы лауазымды тұлғасының барлық белгілеріне күні қойылады және оның жеке қолымен және жеке нөмірлі қолымен расталады.

Егер, ККД дұрыс толтырылса, декларант кеден құнын айқындаудың әдісі дұрыс таңдалса және қолданса және белгіленген талаптарға сәйкес хабарланған мәліметтер құжаттармен расталса, ККД-ның барлық парақтарындағы "Кеден белгісі үшін" бағанға ККД тексеруші лауазымды тұлғаның қолымен және жеке нөмірлі мөрімен расталатын "КҚ қабылданды" деген белгі жасалады.

25. Кеден органының есептеріне сәйкес декларант олар толтырған ККД бағанына тиісті өзгерістер енгізеді, оларды қолымен, мөрімен растайды және түзету (жазба) жүзеге асырылған күнін көрсетеді.

26. Үшеуден асатын түзету енгізілген кезде жаңа ККД бланкісі толтырылуы керек.

27. Егер, декларант кеден органының түзетуімен келіспеген жағдайда, ол ККД-на тиісті өзгерістер енгізуге құқылы.

Бұл ретте, декларант кеден ісі туралы Заңға сәйкес ол хабарлаған кеден құнын (шартты кеден бағалауы жағдайларынан басқа) қабылданбағаны жөнінде кеден органынан себебін түсіндіруді жазбаша сұрастыра алады.

Декларанттың осы органға жүргізген кеден бағалауына қатысты кеден органына жіберген жазбаша сұранысы немесе кеден органы қабылдаған шешімге шағымы декларантты жүргізілген кеден бағалауына сәйкес кеден төлемдері менсалықтарды төлеуден босатпайды.

Келісілді
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрі
2001 жылғы 5 ақпан

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитетінің
2001 ж. 6 ақпандағы
N 42 бұйрығымен бекітілген

## Кеден құны декларациясын толтыру жөніндегі Ереже 1. Кеден құны декларациясына жалпы сипаттама және оны толтыруға қойылатын талаптар

1. Кеден құны декларациясы (бұдан әрі - ККД) тиісті жүк кеден декларациясына (ЖКД) қосымша болып табылады және онсыз жарамсыз.

Егер ККД-1 және ККД-2 нысандарындағы кеден құны түзетілген жағдайда, онда кеден құны, кеден төлемдері және салықтарды (ККТ-1 және ККТ-2) түзету нысандары ККД бөлінбес бөлшегі болып табылады.

ККД ЖКД біруақытта тауарлардың кедендік ресімдеуін жүргізген кеден органына беріледі. Кеден органы осы Ережелерге сәйкес және бағаланатын мәміленің нақты жағдайларын ескеріп ККД тексеру және рәсімдеу ресімін жүзеге асырады.

2. ККД-на міндетті түрде өтініштің тәртібі, шарттары және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын түзету тәртібіне қойылған талаптарға сәйкес көрсетілген құжаттар (белгіленген талаптарға байланысты - түпнұсқалар мен қол қойылған көшірмелер) қоса беріледі.

ККД 3 данада толтырады, оның ішінде:
бірінші дана кеден органында қалдырылады;
екінші дана декларантқа (сатып алушы данасы) беріледі;
үшінші дана кеден құны (кедендік төлемдер) бөліміне жіберіледі.

3. ККД-1 және ККД-2 екі негізгі парақтардан тұрады:

кеден құнын айқындаудың сол немесе өзге де тәсілін қолдану мүмкіндігі туралы деректер көрсетілетін бірінші (жеке);

кеден құны және оның элементтері туралы деректер көрсетілетін екінші парақ.

Үшіншіден бастап ККД-ның барлық парақтары қосушы болып табылады.

Қосушы парақтары беттерін нөмірлеу үшінші нөмірден басталады (яғни, 1 және 2-парақ - нысанның негізгі парақтары, 3 және одан кейінгі парақтар - қосушы).

ККД-ның негізгі парақтары бірден үшке дейінгі атаулардағы тауарларға толтырылады. Үш атаулардан астам тауарлар партиясының барлығы кезінде қосушы парақтар пайдаланылады, олардың әрқайсысы бірден үшке дейінгі атаулардағы тауарларға толтырылуы мүмкін.

Қосушы парақтар егер ККД-1 және ККД-2 нысанындағы бірінші (жеке) парақта көрсетілген барлық деректер қосушы парақтардағы көрсетілген тауарларға толық көлемде таралған жағдайда ғана пайдаланылуы мүмкін.

Қосушы парақтар ретінде ККД-1 және ККД-2 нысанындағы екінші парақ пайдаланылады.

4. ККД және оған қосушы парақтар жазу машинкасында немесе компьютердің басу құрылғысында мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

ККД және оған қосушы парақтар сызбасыз және жазбасыз болуы керек. Декларант көрсеткен деректердегі барлық түзетулер көк немесе қара шарик қаламсабымен басу немесе жазу жолымен қажетті мәліметтерді қосу және қате деректерді сызу түрінде декларант жүргізеді. Әрбір түзету, егер декларант жеке тұлға болып табылса декларанттың қолымен немесе егер декларант заңды тұлға болып табылса осындай тұлғаның мөрімен және заңды тұлға қызметкерінің қолымен куәландырылады.

ККД және түзетулермен немесе декларантпен куәландырылмаған оған түсініксіз толтырылған қосушы парақтарды кеден органдары қабылдамайды.

ККД-ның әрбір парағына міндетті түрде декларант қол қоюы тиіс.

5. Кеден органы ЖКД-мен бірге ККД-ын тіркейді. Бұл ретте, ККД-на оған қосымша болып табылатын КЖД және сол тіркеу нөмірі де беріледі (9999/9999/9999999). ККД негізгі және барлық қосушы парақтарындағы "Қызметтік белгілер үшін" бағанындағы ККД-ын тексеруді аяқтағаннан кейін ККД тіркеу нөмірі, тексеретін инспектордың жеке нөмірлік мөрі және оның қолы қойылады. ККД-на өтініштің тәртібі, шарттары және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын түзету тәртібіне қойылған талаптарға сәйкес декларанттың пайдалануына тауарды беру нысанында және кеден құнына қатысты кеден органының шешімі туралы жазба жасалынады.

6. Декларанттың көрсетуі үшін қажетті талап етілетін деректердің ККД орнына негізгі және қосушы парақтардың бағанында жоқ болған жағдайда оған қосымша жазба жататын бағанды көрсете отырып ККД-на негізгі және қосушы парақтардың екінші жағына оларды көрсетуге жол беріледі. Мұндай жазба декларанттың қолымен куәландырылады, ал тиісті бағандарда "айналымда қара" белгісі қойылады.

## ККД-1 нысанындағы кеден құны декларациясын толтыру ережесі

7. ККД-1 нысаны әдісін қолдану кезінде толтырылады (әкелінетін тауарлармен мәміле бағасы бойынша).

8. Декларант мынадай бағандарды толтырады: 1, 2(а), 2(б), 3, 4, 5, 7(а), 8(а), 8 (б), 9(а), 9(б), 10(а), 10(б), 11, 12(а), 12(б), 13(а), 13(б), 13(в), 13(г), 14, 15, 16(а), 16(б), 16(в), 17, 18, 19, 20, 21, 22(а), 22(б), "Г" өрісі.

9. Кеден органы 6, 7(б) бағандарын, ККД-ның негізгі және қосушы парақтарындағы "Кеденнің белгілеуі үшін" өрісін толтырады.

10. Декларанттың бағандарды толтыру тәртібі:

1-баған. "Сатушы".

Тауарды сататын шетелдік тұлғаның атауы және почта мекен-жайы көрсетіледі.

2(а)-баған. "Сатып алушы".

Тауарды сатып алушы болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағына қазақстандық тұлғаның (кәсіпорынның) тұлғаның атауы және почта мекен-жайы, ОКРО коды көрсетіледі.

2(б)-баған. "Декларант".

Кеден органына тауарды декларациялаушы және көрсетуші кәсіпорынның атауы және почта мекен-жайы көрсетіледі.

Егер сатып алушы декларант болып табылған жағдайда "2(а) бағанын қара" - 2(а) бағанына жіберілім көрсетіледі.

3-баған. "Жеткізу шарты".

Географиялық пункт атауы және жеткізу шартының (Инкотермске сәйкес) әріптік қысқаша атауы көрсетіледі, мысалы:

СИФ - Өскемен, ФОБ - Нью-Йорк.

4-баған. "Шот нөмірі және күні".

Шот-фактура (инвойс) немесе шот-проформа (алдын-ала төлемді немесе кезең-кезеңдік жіберілімді көздейтін сатып алу-сату мәмілелері үшін) нөмірі мен күні көрсетіледі.

5-баған. "Келісім-шарт нөмірі және күні".

Тауарларды жеткізуге келісім-шарт (шарт, келісім-шарт) нөмірі мен күні, сондай-ақ ондайлар бар болса, оған толықтырулар көрсетіледі.

7(а) бағаны. Керекті жауап ("иә" немесе "жоқ") "X" белгісімен белгіленеді.

8(а), 8(б) бағаны. Керекті жауап ("иә" немесе "жоқ") "X" белгісімен белгіленеді.

"Иә" жауабы жағдайында тереңірек көрсетіледі, яғни осы шарттың мазмұны келтіріледі.

9(а) бағаны. Керекті жауап ("иә" нем есе "жоқ") "X" белгісімен белгіленеді.

"Иә" жауабы жағдайында интеллектуалдық меншік объектілерін пайдаланғаны үшін лицензиялық және өзге де төлемдерге қатысты, яғни осы төлем қандайдан, ол не үшін жүргізілген және басқалары тереңірек көрсетіледі. Бұл ретте, егер төлеуге жататын немесе нақты төленген бағаға олар енгізілмесе және сатып алушыға сатушы қойған шот кірмеген сол жағдайда сатып алу-сату мәмілелерінің шарттарына сәйкес сатушы төлеуге міндетті сатып алушының сол тікелей немесе жанама төлемдері көрсетіледі. Осы төлемдердің шегі 15-бағанда жүргізіледі.

9(б) бағаны. Керекті жауап ("иә" немесе "жоқ") "X" белгісімен белгіленеді.

"Иә" жауабы жағдайында 16-бағанда сатып алушының кез-келген одан кейінгі қайта сату, беру немесе сатушыға қайтаруға жататын бағаланатын тауарларды пайдаланудан тікелей және жанама кірістерінің тиісті бөлігінің сомасы көрсетіледі.

10(а) бағаны. "ККД-1 нысанында келтірілген қосушы парақтардың саны".

10(б) бағаны. "Орны және күні" ККД толтыру орны мен күні, 2(б) бағанында декларант көрсеткен тауарларды декларациялауға уәкілеттенген тұлғаның тегі мен аты-жөні, оның лауазымы, телефоны мен телефаксының нөмірі көрсетіледі, сондай-ақ осындай тұлғаның жеке қолы және декларанттың мөрі қойылады. Кеден органы белгіленген тәртіпте рәсімделген сенімхатты немесе осындай тұлғаның өкілеттігін растайтын өзге де құжатты беруді талап ете алады.

Баған деректері ЖКД 54-бағанының мәліметтерімен сәйкес келуі тиіс.

Осы парақ 1 әдісі бойынша кеден құнының есебіне арналады.

Әрбір парақта тауардың үш түрі бойынша мәліметтер келтірілуі мүмкін. Парақтар мынадай жолмен нөмірленеді: әрбір қосушы парақта тіркеу кезінде ККД-1 нысанында берілген нөмірі және оның рет нөмірі көрсетіледі.

"Тауар нөмірі" бағаны. ЖКД 32-бағанынан тиісті тауар нөмірі немесе оған қосушы парақ және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Сыртқы Экономикалық Қызметінің Тауар Номенклатурасы (әрі қарай - ТМД СЭҚ ТН) бойынша тауар коды көрсетіледі.

"А" бөлімі. Есеп айырысу үшін негіз.

Осы бөлімде бағаланатын тауардың кеден құнын айқындау үшін негіз болып

табылатын нақты төленген және төленуге тиіс баға туралы мәліметтер келтіріледі. Егер жеткізу жағдайына (3-баған) және басқа да келісім-шарттың жағдайына байланысты сол жағдайда осы бағаға не қосымша аударымдар немесе одан шегерімдер талап етілмесе. Онда аталған баға бағаланатын тауардың кеден құнына тең болуы мүмкін.

11-баған. "Мәміле бағасы":

бірінші жолда шот-фактурада немесе шот-проформада келісім-шарттың валютасында көрсетілген сатушыға (мәміле бағасы) нақты төленген немесе төленуге жататын баға көрсетіледі;

екінші жолда теңгедегі мәміле бағасы көрсетіледі;

үшінші жолда келісім-шарт валютасының коды және теңгеде қайта есептеудегі оның бағамы көрсетіледі. Теңгеге шетел валютасын қайта есептеу кедендік ресімдеуге ЖКД қабылдау күнінде қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің бағамы (ЖКД 23-бағанында көрсетілген бағам) бойынша жүзеге асырылады.

"Б" бөлімі. Бөлімде 11-бағанда көрсетілген мәміле бағасына енбеген, яғни сатып алушыға сатушы қойған шот-фактураға енгізілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының кеден аумағына бағаланатын тауарларды әкелумен байланысты орны бар және сатып алушы төлеген немесе төлеуге жататын теңгедегі мәміле бағасына қосымша есептеулер көрсетіледі.

Осы бөлімде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабындағы екінші және үшінші бөліктермен көзделген және тиісті құжаттармен расталған (шарттар, шоттар, көлік құжаттары және басқалары) мәміле бағасына қосымша есептеулер ескеріледі.

Егер ККД-1 нысаны бір партияға кіретін бірнеше атаулардағы тауарларға толтырылса, онда әкелінген тауарлардың құнына әрбір кеден құнына енгізілуге жататын шығыстар ККД негізгі және қосушы парақтардағы 11-бағанда көрсетілген олардың құнына тең әрбір тауарлар атауы арасында бөлінеді.

12-16 бағандарында барлық мәліметтер теңгеде келтіріледі.

12(а) бағаны. Комиссиялық және брокерлік сыйақыларға шығыстар көрсетіледі (сатып алу бойынша комиссиялықтардан басқа).

Егер жоғарыда аталған шығыстар шетел валютасында төленген жағдайда, теңгедегі қайта есептеу толықтығы "Г" бөлімінде көрсетіледі.

12(б) бағаны. Егер ТМД СЭҚ ТН сәйкес олар бағаланатын тауарлармен біртұтас толық ретінде қаралған сол жағдайда сатып алушының контейнерлерге, басқа көп айналымды ыдысқа және упаковкаға шығыстары көрсетіледі.

Егер бағаланатын тауарлармен біртұтас толық ретінде қаралатын көп айналымды ыдысы пайдаланылса, онда бір келісім-шарт бойынша сол сатып алушының мекен-жайына сол сатушыдан тауарды бірнеше рет жеткізу кезінде

оның құны әрбір партиядағы тауарлар санына тең бөлінеді. Ыдысқа шығыстарды тең бөлуді (яғни әрбір партияға оның құнын бөліктерімен көшіру) кеден органы мына жағдайларда қабылдайды: 1) осы ереже келісім-шартта көрінсе немесе қандай-да бір құжатпен расталса; 2) осындай ыдысты бірегейлендіру мүмкіндігі бар болса.

Ыдысқа шығыстарға сатушыға ыдысты қайтарғаны үшін жеке төленген сомалар жатпайды.

Егер ыдысқа шығыстар шетел валютасында төленген жағдайда, теңгедегі қайта есептеу толықтығы "Г" бөлімінде көрсетіледі.

13-баған. Сатып алушы сатушыға мынадай тауарлар мен қызмет көрсетулерді бағаланатын тауарларға әкетуге шығарумен және сатумен байланысты пайдалану үшін тегін немесе төмендетілген баға бойынша берілген жағдайда толтырылады:

шикізат, материалдар, бөлшектер, жартылай фабрикаттар және бағаланатын тауарлардың құрамды бөлшегі болып табылатын басқа да жиынтық бұйымдар;

бағаланатын тауарлардың өндірісі кезінде пайдаланатын материалдар (жағар материалдар, отын және басқалары);

Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орындалған және бағаланатын тауарлардың өндірісі үшін тікелей қажетті инженерлік жұмыстар, тәжірибе-конструкторлық жұмыстар, дизайн, көркемдік ресімдеу, эскиздер мен сызбалар.

Мұндай тауарлар мен қызмет көрсетулердің құны теңгеде көрсетіледі. Шетел валютасында оларды төлеу кезінде қайта есептеу толықтығы "Г" бөлімінде көрсетіледі.

Бағанда көрсетілетін шикізаттың, материалдардың, жартылай фабрикаттардың және басқа да жинақтаушы бұйымдардың құны болып үшінші тұлғаларда оларды сатып алу кезінде сатып алушы төлеген баға табылады. Егер бұл тауарларды сатып алушының өзі немесе онымен өзара байланыстағы тұлға дайындаған жағдайда оның құны ретінде сатып алушының тиісті бухгалтерлік құжаттамасымен расталған оларды дайындау құны қабылданады.

Егер сатушыға бұрын пайдалануда болған тауарлар берілген жағдайда оның құны сатып алушының бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша тозу дәрежесін ескеріп айқындалады.

Егер сатып алушы сатушыға шикізат пен материалдарды және жинақтаушы бұйымдарды өңдеу немесе қайта өңдеу, оларды жеткізу, сақтау және басқалары бойынша қандай-да бір қызмет көрсеткен жағдайда осы қызмет көрсетулердің құны (кеден құнының есебі кезінде) сатып алушы оны сатып алған баға бойынша есептеледі.

Кеден құнының есебі кезінде инженерлік және тәжірибе-конструкторлық жұмыс, дизайн, көркемдік рәсімдеу, эскиздер мен сызбалар сатушы үшін сатып

алушы орындаған құны сатып алушы оны сатып алған немесе жүргізген баға бойынша ескеріледі.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының аумағында орындалған инженерлік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс, дизайн, эскиздер мен сызбаларды көркемдік рәсімдеудің бағаланатын тауарлардың кеден құнына енгізілмейді.

14-баған.

Бағанда мына құқықтарға төленетін сыйақы ретінде қаралатын лицензиялық және өзге де төлемдер теңгеде көрсетіледі:

әкелінетін тауарларды дайындау (оның ішінде, тауарлық белгілер, өнеркәсіптік үлгілер, "ноу-хау" пайдалы модельдері);

әкетілетін тауарларды экспортқа сату (оның ішінде, тауарлық белгілер, өнеркәсіптік үлгілер);

әкелінетін тауарларды пайдалану және қайта сату (оның ішінде, кинематографиялық өнімді қоса әдеби, көркем немесе ғылыми шығармаларға патенттер, авторлық құқықтар; импортталатын тауармен бірге біртұтас толықты ұсынатын өндіріс технологиясы).

Лицензиялық және ұқсас төлемдер мәміле бағасына қосылуы және егер мұндай төлемдер мына жағдайларда ғана 9(а) бағанында:

бағаланатын (әкелінетін) тауарға қатысты;

сатушы мен сатып алушы арасында жасалған сатып алу-сату мәмілесінің шарты болып табылса көрсетілуі тиіс.

Бұл ретте, сатып алушы сатушыға немесе оның пайдасына үшінші тұлғаға тікелей төленуі тиіс лицензиялық төлемдер. Сатып алушы үшінші тұлғаға лицензиялық төлемді төлеген жағдайда бұл төлем сатушының немесе оның атынан шығатын тұлғаның талабы бойынша жүргізілуі тиіс.

Интеллектуалдық меншік құқығы иелерінен алынатын Қазақстан Республикасындағы тауар шығаруға лицензия кеден құнына енгізілмейді. Егер жоғарыда аталған шығыстар шетел валютасында төленген жағдайда қайта есептеу толықтығы "Г" бөлімінде көрсетіледі.

15-баған. Осы бағанда келісім-шарт жағдайы бойынша сатып алушы сатушыға қайтаратын Қазақстан Республикасының аумағында бағаланатын тауарларды одан кейінгі кез-келген қайта сату, беру немесе пайдаланудан сатушының тікелей немесе жанама кірісінің бөлігі ескеріледі.

Егер осы бағанда көрсетілуі тиіс соманың кіріс бөлігі кедендік ресімдеу сәтіне айқындалмаған жағдайда осы баған оны белгілегеннен кейін толтырылады. Бұл ретте, сатушыға қайтарылуға жататын кіріс бөлігінің сомасын белгілегенге дейін тауар "Кеден ісі туралы" Заңның 125-бабымен және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын айқындау тәртібі туралы Нұсқаулықтың 8-бөлімімен белгіленген тәртіпте сатып

алушының пайдалануына берілуі мүмкін немесе тауарды кедендік бағалау ККД-2 нысанымен толтырылған 2-6 тәсілі бойынша жүргізіледі.

Мысалы.

Егер сатып алушы алатын пайдадан 20% келісім-шартта көзделсе ол сатушыға қайтарылады, онда пайданың осы бөлігіне тиісті соманы ККД-1 15-бағандағы оны көрсетіп тауарлардың кеден құнына енгізу қажет.

Егер кедендік ресімдеу сәтіне пайда сомасы белгісіз болған жағдайда, онда алдын-ала (күтілетін) сома көрсетіледі (оның шегін кеден органы тануы тиіс; пайданың күтілетін шегін айқындау үшін тәуелсіз сараптық бағалауды жүргізуге жол беріледі).

Егер пайда сомасын белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, онда кеден құнын айқындау 1 тәсілі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін, 2-9 тәсілдерін пайдалану қажет.

16-баған. "...... дейін жеткізуге шығыстар".

Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарлардың кеден құнын айқындау кезінде Қазақстан Республикасының кеден аумағына оны әкелу орнына дейін осы тауарды жеткізу жөніндегі нақты туындаған шығыстар ескеріледі.

Әкелу орны деп мыналар түсініледі:

1) әуе тасымалы үшін - тауарларды таситын ұшақ қонатын және тауарларды түсіруді жүргізетін Қазақстан Республикасының аумағындағы нысаналы аэропорт немесе бірінші аэропорт;

2) теңіз және өзен тасымалдары үшін - егер осы портта орналасқан кеден органы тауарды қайта түсіру фактісін растаса Қазақстан Республикасының аумағындағы түсірудің алғашқы порты немесе ауыстыру порты;

3) көліктің басқа да түрлерімен тасымал үшін - тауардың жүру жолына Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы өткізу пунктінің орналасқан жері;

4) почта бойынша жеткізілетін тауар үшін - халықаралық почта айналысының пункті.

Егер сатып алушы жеткізу шарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағына нысаналы орнына дейін тауарды жеткізу төленген жағдайда және бұл орайда нысаналы орнына дейін әкелу орнынан құжатты түрде расталмаса, онда нысаналы орны көрсетіледі; егер рұқсат етілген шегерімдер құжатты түрде расталса, онда әкелу орны көрсетіледі.

Егер 16(а)-16(в) бағандарында көрсетілген шығыстар шетел валютасында төленсе, теңгедегі қайта есептеу толықтығы "Г" бөлімінде келтіріледі.

16(а) бағаны. Бағанда Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу орнына дейін тауарларды тасымалдауға шығыстар теңгеде көрсетіледі.

Егер жеткізу тегін немесе сатып алушының өз көлік құралдарының көмегімен жүзеге асырылса, онда кеден құнына көліктің тиісті түрімен тасымалдау бойынша қолданылып жүрген жүктерді тасымалдау тарифтерінің сәтін ескеріп есептелген сома енгізіледі. Егер көліктің осы түрімен тасымалға бірыңғай тарифтер туралы мәліметтер жоқ болса, онда көлік шығыстарының есебі үшін шығыстар элементтерін немесе барлық қажетті баптарды енгізумен көлік шығыстарын есептеу бойынша бухгалтерлік есеп мәліметтері пайдаланылуы тиіс .

Осы баған бойынша EXW (ЕХВ) ҒAS (ФАС) жеткізу шарты кезінде елден экспортты әкету кезінде тауарды кеден рәсімдеуі бойынша сатып алушы шеккен шығыстар ескеріледі.

16(б) бағаны. Бағанда Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу орнына дейін туындаған, тауарларды түсіру, тиеу, қайта тиеу және тасымалдау бойынша шығыстар теңгеде көрсетіледі.

16(в). Бағанда жүкті сақтандыру бойынша теңгедегі шығыстар көрсетіледі.

17-баған. Бағанда 12(а), 12(б), 13(а), 13(в), 13(г), 14, 15, 16(а), 16(б), 16(в) бағандарында көрсетілген қосымша есептеулердің сомасы теңгеде көрсетіледі.

"В" бөлімі. "А" бөліміне енгізілген теңгедегі есептен шығарылатын сома.

Осы бөлімде Қазақстан Республикасының кеден аумағына оны әкелуден кейін тауарды жеткізу бойынша операциялар үшін нақты шеккен шығыстар сомасы мәміле бағасынан алып тасталуға жататыны, яғни осы шығыстардың құжаттық растауы бар жағдайда нысаналы тауар орнына дейін әкелу орнынан көрсетілуі тиіс.

18-21-бағандарда барлық мәліметтер теңгеде көрсетіледі.

Егер нақты шығыстар шетел валютасында жүзеге асырылған жағдайда, онда " Г" бөлімінде (немесе ККД-1 нысанының тиісті парағының екінші жағында) "В" бөлімінен ККД бағанының нөмірлерін көрсете отырып қайта есептеу мәліметтері , "Валюта жіктемесіне" сәйкес валюта коды, кеден ресімдеуіне ЖКД қабылдау күніне шетелдік валютадағы шығыстар сомасы және қайта есептеу бағамы келтіріледі.

18-баған. "Жабдықты монтаждау, жинау, орнықтыру немесе енгізгеннен кейін техникалық көмек көрсету бойынша шығыстар"

Осы бағанда декларант жабдықты монтаждау, жинау, орнықтыру немесе Қазақстан Республикасының кеден аумағына тауарларды әкелуден кейін жүргізілген техникалық көмек көрсету бойынша тиісті шығыстар сомасы, егер келісім-шартпен осы жұмыстар көрсетілген және тиісті сомалар жеке жолмен шот-фактурада бөлінген жағдайда көрсетілуі мүмкін.

19-баған. "Нысаналы жеріне дейін әкелгеннен кейін жеткізу бойынша шығыстар"

Осы бағанда декларант шот-фактурада жеке көрсету бар жағдайларда баға шығыстары мәліметтерін алып тастау үшін нысаналы орынға дейін тауарды жеткізу бойынша шығыстар келтірілуі мүмкін.

Егер шартта CIP (СИП), CPT (СПТ), DDP (ДДП), DDU (ДДУ), CIҒ (СИФ) ретіндегі осындай жағдайлар көзделсе (Қазақстан Республикасының кеден аумағының нысаналы орын ішіне дейін тауарды жеткізу жағдайында соңғы терминді дұрыс пайдаланбау кезінде, мәселен, Алматы СИФ) және нысаналы орнына дейін тауарды жеткізу бойынша шығыстар нақты құнға енсе, онда мәміле бағасынан немесе осы шығыстардың жалпы сомасынан және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелу орнына дейін көлік шығыстарының бөлек есебін және нысаналы орнына дейін осы жерден осы бөлікті бөлу үшін шот-фактурада және келісім-шартта тиісті шартпен оларды бөлек келтіру қажет.

Шот-фактурада осындай бөлек көрсету жоқ болған кезде "әкелу орны - нысаналы пункт" жолына тауарларды тасымалдау бойынша шығыстар шот-фактурада "Франко - нысаналы орны" есебінен айқындалған бағадан біраз төмен болып "Франко-шекара" есебінен айқындалған бағаға негізді дәлел кеден органына берілген жағдайда ғана тасымалдау бойынша шығыстардың жалпы құнынан шегерілуі мүмкін.

20-баған. Осы бағанда DDP (ДДП) және DEQ жеткізу шартымен көзделген жағдайларда ғана салықтар және кедендік рәсімдеу үшін алымдар, әкелінетін кеден баждары кезінде шығыстарды төлеу бойынша нақты төленген немесе төленуге жататын (11-баған) бағадан шегерілетіндер көрсетіледі.

21-баған. Осы бағанда 18-20 бағандарда көрсетілген сомаларды қосу жолымен алынған сома келтіріледі.

22(а) баған. Бағанда мынадай жолмен есептелген, көрсетілген кеден құны теңгеде көрсетіледі: 11 бағ + 17 бағ - 21 бағ.

22(б) баған. Бағанда келісім-шарт валютасына есептелген кеден құны көрсетілген 22(а) бағанында көрсетіледі. Келісім-шарт валютасына қайта есептеу "А" бөлімінде көрсетілген бағам бойынша жүргізіледі. Алынған сома кеден төлемдері мен салықтарының есебі үшін негіз ретінде КЖД-да келтірілген мәліметтерге сәйкес болуы керек.

Егер шетел валютасының түрі мәміле бойынша ешқандай құжаттармен белгіленбесе, онда 22(б) бағанындағы мәліметтер АҚШ долларларында келтіріледі.

"Г" бөлімі.

Кеден құнының бір немесе бірнеше құрайтыны шетел валютасында төленген кезде "Г" бөлімінде кеден ресімдеуіне ЖКД қабылдау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі санаттайтын осындай валютаның коды мен бағамы, шетел валютасындағы төлем сомасы, тиісті баған нөмірі көрсетіледі.

11. Кеден органының бағанды толтыруы.

6-баған. Егер кеден органында 7-9-тармақтар бойынша ескертулер бар жағдайда осы сатып алушының бұрынғы мәмілелері бойынша ККД нөмірі мен күні көрсетіледі. Егер осындай ескертулер өзге кеден органында туындаған жағдайда тауардың кедендік ресімдеуін жүргізген және ескертуі бар кеден органының атауы, сондай-ақ ескерту мазмұны келтіріледі.

7(б) бағаны. Қажетті жауап "Х" белгісімен белгіленеді ("иә" немесе "жоқ").

"Кеденнің белгілеуі үшін" өрісінде кеден органының лауазымды тұлғасы бағаланатын тауарлардың кеден құнына қатысты кеден органының шешімі туралы жазбаны жүргізеді:

1) егер кеден органында декларант көрсеткен кеден құны бойынша ескертулер жоқ - "КҚ қабылданды";

2) егер декларант деректі толық емес көлемде берсе немесе кеден органында берілген мәліметтер бойынша ескертулер бар және нақтылау жүргізіледі - "КҚ нақтыланады".

Ұқсас жазба ЖКД тиісті бағанында жүргізіледі.

## 1. ККД-2 нысаны бойынша кеден құны декларациясын толтыру ережесі

12. ККД-2 нысаны 2, 3, 4, 5, 6 тәсілдері бойынша айқындалатын әкелінетін тауарлар құнының өтінішіне арналған.

13. Декларант 1, 2(а), 2(б), 3, 4, 6, 7, 8, 9, 10(а), 10(б), 11(а), 11(б), 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25 бағандарды толтырады.

14. Декларанттың бағандарды толтыру тәртібі.

1, 2(а), 2(б), 3 бағандары ККД-1 нысанының тиісті бағандарын орындау ережесіне сәйкес толтырылады.

4-баған. Бағанда тауарды жеткізу үшін негіз болып табылатын немесе әкелінетін тауардың құндық балансы бар шот-фактураның немесе басқа да құжаттың нөмірі мен күні келтіріледі.

Егер осы нысан 1 тәсілі қолданылмайтын құндық негізде жүзеге асырылатын сатып алу-сату мәмілесі үшін пайдаланылған жағдайда, онда осы бағанда осы тауар үшін сатушы қойған шот-фактура нөмірі, сондай-ақ осы мәміле бойынша келісім-шарт (шарт, келісім) нөмірі мен күні қойылады.

Егер оларды жеткізу құндық емес негізде жүзеге асырылатын жеткізу тауарды кедендік бағалау үшін қолданылатын нысан жағдайында, онда осы бағанда осындай жеткізу үшін негіз болып табылатын сол құжаттың нөмірі мен күні ғана қойылады (мысалы, компенсациялық негізде және т.б баспа-бас айырбас немесе жеткізу туралы келісім-шарт).

6-баған. Оның көмегімен кеден құны айқындалатын сол тәсіл "X" белгісімен белгіленеді.

7-баған. Баганда 6-бағанда көрсетілген алдыңғы тәсілге кеден құнын айқындау үшін қолданылмайтын барлық тәсілдермен байланысты себептердің қысқаша негіздемесі беріледі.

8-баған. Бағанда 6-бағанда белгіленген тәсіл бойынша кеден құнын айқындау үшін пайдаланылған ақпарат көздері келтіріледі.

Осындай көздер ретінде 2 және 3 тәсілдер үшін ұқсас және бір текті тауарлармен алдыңғы мәмілелер бойынша құжаттар пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайда кеден органы қабылдаған 1 тәсіл бойынша тауарлардың кеден құны көрсетілген ККД-1 нөмірі ескеріледі.

4 тәсіл үшін ол бойынша Қазақстан Республикасының ішкі рыногында сатылған немесе сатылатын бұрын импортталған немесе бағаланатын тауарлар бағасы туралы келісім-шарттар не ол бойынша Қазақстан Республикасының ішкі рыногында ең көп партиямен сатылған тауарлар бағасын растайтын өзге де құжаттар мәліметтері пайдаланылуы мүмкін.

5 тәсіл үшін тауар құнын растауға (шығындарды және басқаларын есептеу) өндіруші қойған атауы және өзге де деректемелер көрсетіледі.

6 тәсіл үшін биржалық және келісім-шарттық бағалар туралы анықтамалық мәліметтердің кедендік құны үшін шығыс базасы ретінде пайдаланылған кеден органының ақпараттық база мәліметтері және басқалары, сондай-ақ 6 тәсіл бойынша тауарлардың кеден бағасын жүзеге асыру кезінде пайдаланылуы мүмкін қаралатын мәміле бойынша ақпарат (құжат) көрсетіледі.

Бұл жағдайда қажеттілік кезінде ол белгіленуі және тексерілуі мүмкін ақпарат көзін нақты көрсету қажет.

Аталған көздерден мәліметтер одан кейін 2 парақтың "А" бөлімінің тиісті бағанында келтіріледі.

9 және 10 бағандар. ККД-1 (10(б) бағаны) нысанының ұқсас деректеріне талаптарға сәйкес толтырылады.

ККД-2 нысанының екінші парағы.

Осы парақ бағалаудың таңдап алынған тәсілі (2-6) бойынша кеден құны есебіне арналған.

Әрбір парақта тауарлардың үш түрі бойынша мәліметтер келтірілуі мүмкін. Парақтар мынадай жолмен нөмірленеді: әрбір қосушы парақта оның рет нөмірі және тіркеу кезінде ККД-2 нысанында берілген нөмірі көрсетіледі.

"Тауар N......" бағанында ТМД СЭҚ ТН бойынша тауар коды және оған қосушы парақ немесе КЖД ұқсас бағанына сәйкес тауар нөмірі көрсетіледі.

"А" бөлімі. "Есеп айырысу үшін негіз".

Есеп айырысудың таңдап алынған тәсіліне байланысты мына бағандардың

біреуі толтырылады: 11(а), 11(б), 11(в), оның негізінде одан кейінгі есеп айырысулар (оның ішінде, түзетулер) жүзеге асырылатын құнның (бағаның) шығыс шегінен 8-бағанда көрсетілген көзден мәліметтерді онда келтіру керек.

"Б" бөлімі. "Бағаға түзетулер".

Осы бөлімде 11(а), 11(б), 11(в) бағандарында көрсетілген бағаға түзетулер келтіріледі.

Түзету егер ол бағаны ұлғайтса (+) белгісімен де, егер ол бағаны кемітсе (-) белгісімен де болуы мүмкін.

12-баған. Санға түзетулер кезінде бірінші кезекте тауардың сатып алынатын мөлшеріне байланысты сатушы ұсынатын бағаға шегерілімдер ескеріледі. Бұл ретте, сатылатын тауардың санына негізделген кестеге сәйкес сатушы белгілейтін баға келісім-шартта көзделген жағдайда ескеріледі.

